

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы «Әйтеке би» ауданының білім бөлімі» ММ**



**«Ақбөбек» Мектепке дейінгі ұйымы**

**өзін-өзі бағалау**

**ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**Қарабұтақ ауылы - 2024 жыл**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі»  
«Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымының  
өзін-өзі бағалауын өткізу туралы қорытынды  
АНЫҚТАМАСЫ**

**НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР МЕН ОБЪЕКТІЛЕР:**

1. Мектепке дейінгі ұйымының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары.
2. Оқыту және білім беру.
3. Білікті қызметкерлердің болуы.
4. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау.
5. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
6. Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.
7. Алдағы оқу жылына ұсыныстар

## «Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау есебі

Қарабұтақ ауылы

29 қараша 2024 жыл

**Бақылау түрі:** өзін-өзі бағалау

**Өзін-өзі бағалауға негіз:** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық және "Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы негізінде «Ақбөбек» Мектепке дейінгі ұйымы мемлекеттік балабақшасында өзін-өзі зерделеу өткізілді.

**Өзін-өзі бағалаудың мақсаты:** ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

Өзін-өзі бағалауды өткізу үшін «Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымында "Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу комиссиясын құру туралы" 06 қараша 2024 жылғы №57 бұйрығымен комиссия құрамы бекітілді.

### Білім беру ұйымы туралы жалпы сипаттама



1) Мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Қарабұтақ ауылы «Ақбөбек» Мектепке дейінгі ұйымы. Пайдалануға берілген жылы: 2006 жылы «13» желтоқсан. Сыйымдылығы 46 орын. Негіздеме: 13.12.2006 ж. № D.02.X.KZ47VWF00080986

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Қарабұтақ ауылы, т.а.Бауыржан Момышұлы көшесі 39 ғимарат.

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері: 87775201136, электронды поштасы: ak\_bobek91@mail.ru, вебсайт:hhttp://aqbobek.school-cr.kz. Инстаграмм парақшасы: akbobek\_balabaksha.

4) Заңды тұлға өкілі туралы деректері: балабақша меңгерушісі НУРЖАНОВА АДІЛЕТ ЕЛАМАНКЫЗЫ, «Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымына 2016 жылы 15 қаңтардағы № 3 бұйрығымен тағайындалған.

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы 13.01.2021 жылы берілген, БСН-061040006061, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 24.10.2006 жыл.

6) Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2021 жылғы 25 тамыздағы №KZ29RVK00044002 берілген хабарлама.

7) Мектепке дейінгі мекеменің меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар. Ақтөбе облысы бойынша филиалының жер кадастры және жылжымайтын мүлік бойынша Әйтеке би аудандық мүлікті тіркеу бөлімі 2006 жылғы 19 шілдедегі №255 Қарабұтақ а/о әкімінің жеке меншік құқын беру туралы шешімін тіркеген. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: 02:022:036:1339; 02:022:036:1339:1. Жер учаскесінің алаңы: 0,8000 га. Ғимараттың жалпы алаңы- 1019 ш.м. Қабат саны- 1. Ғимараттың салынған жылы – 2004-2006 жылдар аралығы. «Айым» жеке балабақшасы орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған, салқын және ыстық сумен толық қамтамасыз етілген.

### **Балалардың қауіпсіздігі бойынша**

Бас санитарлық дәрігер 2012 жылдың 18 қарашасындағы № D.02.X.KZ47VWF00080986 санитариялық-эпидемиологиялық ұйғарым - талаптарға сай деп берілген. Тағамдардың жарамдылығы үнемі бақылауда. Барлық өнімдер сертификатталған. Мектепке дейінгі ұйымның әр оқу жылына дайындығы тексеру актісі бар. Өрт қауіпсіздігі бойынша Ақтөбе облысы төтенше жағдайлар Департаментінің тексеру акті нәтижесінде кемшіліктер анықталған жоқ. Мектепке дейінгі ұйымның ішкі және сыртқы келбеті СанЕмН талаптарына сай. Стандарт жүйесіне байланысты еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшада толыққанды жұмыс жақсы жүргізілген. Мекеменің қауіпті жағдайларда эвакуациялау жоспары ғимарат ішінде қабырғаларға бекітіліп ілінген, бейнебақылау камералары, дабыл түймесінің орналастыру сызбасы меңгерушімен бекітілген. Балалардың қауіпсіздігі ең өзекті мәселе, бұл бойынша өрт қауіпсіздігінің эвакуациялық жоспары №2 қосымшаға сай жасалып, бекітілген. Мекемеде арнайы практикалық жаттығулар журналы жасақталған. Дабыл нүктесі жұмыс жасап тұр. Өрт қалқаны бұрышы жасақталып, керекті құралдармен жабдықталды. Балабақша меңгерушісі мен шаруашылық ісі жөніндегі меңгеруші өрт-техникалық минимумы бойынша арнайы курстан өтті.

Балабақша ғимаратына 8 бейне бақылау жүйесі қосылған. Балалардың ойын бөлмесі, ас ішетін бөлме және түскі үзіліс кезінде демалатын бөлмелер үнемі бақылауда. Алдағы уақытта тағы 8 камера орнату жоспарда.

Жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерлерге алғашқы кіріспе нұсқаулықтар жүргізіліп, әрбір тоқсан сайын қызметкерлермен қауіпсіздік нұсқаулықтарды сақтау туралы кеңес өткізіліп, журналдарға қол қойылып отырады. Балалар мен қызметкерлердің жарақаттануы тіркелген жоқ. Мекемеде өрт қауіпсіздігі жөнінде, еңбек қауіпсіздігі жөнінде, балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау жөнінде нұсқаулықтар бекітілген, құжаттары жүргізіліп отыр.

### **Материалдық - техникалық және әлеуметтік базасы**

«Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 662 бұйрығы негізінде уақытылы жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі материалдық-техникалық базаның нығаюына және жаңартылып,толықтырылып отырылуына үнемі көңіл бөледі.

Балабақшада балаларға оқу - тәрбие беруге арнайы жабдықталған бөлмелер, балалардың денсаулығын бақылайтын медбике бөлмесі, әкімшілік бөлмелері, техникалық бөлмелер, балаларға арналған дамытушы ойындар бөлмесі және жатын бөлмесі жабдықталған, музыкалық және дене шынықтыру бөлмесі, ас даярлау бөлмесі бар. Балабақшаны жылыту қазандығы бөлек ғимаратта орнатылған. Балабақшамызда балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, жан-жақты оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынған.



Барлық топ бөлмелері мен ас блогы ыссы сумен қамтылған. Ыстық және салқын су барлық ванналарға, себезгі бөлмелерге, тұратын орын жайларға, медициналық үй-жайлардағы қол жуғыштарға, сондай-ақ ас блогындағы араластырғыш қондырғышы бар қажетті технологиялық жабдықтарға тартылған. Балабақша ауласында 4 топқа арналып жабдықталған ойын алаңдары және тәрбиеленушілердің жасына лайықталған футбол алаңқайы бар. Балабақша ауласы көгалдандырылып, 99 терек ағашы мен 56 жеміс жидек ағашы егілді. Гүлзар алаңдары бар.

Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Оқу-тәрбие жұмысына қажетті теледидар, видео, музыка орталығымен барлық топтар жабдықталған. Балабақшада 3 компьютер, 3 принтер - 3/1, 1 түрлі-түсті принтер, 1 сканер, 1 ламинаттау

аппараттары бар. Топтар парта, отырғыш, кереует, шкафтармен жабдықталған. Барлық топ ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған. Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 білім дағдысы бойынша безендірілген.

Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: ас дайындайтын электр плитасы, кір жуатын машина, тоңазытқыштар, пештермен, киім үтіктейтін аппарат, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 2 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Медициналық бөлме, асхана бөлмесі қажетті құралдармен жабдықталған, СанПин талаптарына сай.

Балабақшада балалар көп уақыт жұмсайды, сондықтан мекемеде жайлы және жылы атмосфера қажет болғандықтан топтардың дизайнына назар аудару өте маңызды. Балабақшадағы бұрыштар - оның интерьерінің ажырамас бөлігі. Бірқатар зерттеулер педагогтің басты объектісі ретінде баланың өзі емес, оның тұлғалық қасиеттері мен қабілеттері емес, тіпті оның мінез-құлқы да емес, баланың өмір сүру жағдайы қарастырылуы тиіс екендігін дәйекті түрде әрі жан-жақты дәлелдеген. Гринманның тұжырымдауы бойынша, үй-жайда немесе бөлме ішінде оқыту ортасы дамудың барлық салаларын қамту арқылы мол әлеуметтік, коммуникативтік, танымдық тәжірибе береді. Осыған сүйене келе, біздің балабақшамыздағы баланың заттық-кеңістіктік дамытушы ортасы

-ойын іс-әрекетіне, әр түрлі ойлау қабілеттеріне қажетті құралдар және материалдармен;

-жапсыру, сурет, құрастыру іс-әрекеттеріне қажетті құралдармен;

-балалардың қимылдық іс-әрекеттеріне қажетті спорттық құрал-жабдықтармен

-әр топта үстел үсті ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде жабдықталған.



**Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:**

1) білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ ) сәйкестігі

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі.

«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынып, 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жоспары құрылды.

2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес оқу - тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша аптасына 5 күн жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Балабақшаның сыйымдылығы - 46 орын. 2021 жыл 08 қыркүйек айынан бастап 2 топ 1 аралас тобы жұмыс

жасауда. Қазіргі таңда 46 бала тәрбиеленуде. Балабақшаға 2-4 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 3 мезгіл тамақтандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті 2024 жылдан бастап "dara bala" сайты арқылы тіркеледі. Қазіргі таңда балабақша тәрбиеленушілері жас ерекшеліктеріне қарай кіші "Жұлдыз", ортаңғы және ересек аралас тобы "Айгөлек", 2 топқа жинақталған.

«Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымының жылдық оқу және тәрбиелік жоспарлары оқу жылының басында талданып педагогикалық кеңесте бекітілген. Педагогикалық кеңестің хаттамалары өткен педагогикалық кеңестегі қаралған мәселелердің шешілгендігін талдау арқылы басталып, ары қарай мақсат-міндеттерді көздеп жазылған. Педагогикалық ұжымның іс-әрекеті нормативтік құжаттармен реттеледі. Балабақшаның педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін:

-ҚР «Білім туралы» Заңына;

-Жарғысына;

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

-Оқу жұмыс жоспарына;

-Ішкі тәртіп ережелеріне;

-ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының және қалалық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

Ата-аналар жиналысының хаттамалары жазылған, тігілген, нөмірленген. Ата-аналар туралы мәліметтер жинақталған. Тәрбиеленушілердің әлеуметтік картасы толтырылған.

Түрлі форматта жылдық жоспарға сәйкес педагогикалық кеңестер өтіледі. Педагогтер аудандық және облыстық деңгейде өтіп отыратын семинар - практикумдар, кеңес берулер, тренингтерге, шеберлік сыныптарына қатысып, тәжірибе алмасады. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді қолданады. Жоспарға сай өтетін ҮІӨ-тен басқа ата-аналарды баланың дамуы процесіне тарту, отбасымен серіктестік орнату және бірлескен жауапкершілік аясында жоспарлы шаралар өткізіліп отырылады.





2023-2024 оқу жылында тәрбиеленушілердің ата-аналарымен баланың үйдегі бос уақытын тиімді өткізуін ұйымдастыруға баулу мақсатында жас ерекшеліктеріне қарай "Интеллектум" папкасы жинақталса, биыл "Өнегелі 15 минут" жұмысы бастау алды.

Биыл балабақшамыз 13 - түлегін ұшырды. "Балабақша-мектеп" бірыңғай білім беру кеңістігі құрылып, білім күні қарсаңында мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндерімізге құттықтау жолдап, сыныбына баруды дәстүрге енгіздік.



Тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасауда психологтың жылдық жоспары негізінде төменде көрсетілген бағыттармен жұмыстар жүргізіледі.

Әдістемелік           Диагностикалық бағыт           Кеңес беру бағыты  
Тәрбие жұмысы       Ата –аналармен жұмысты ұйымдастыру

Психолог маманның бекітілген жұмыс жоспары бар. Ол тек тәрбиеленушілермен ғана емес, ата-аналармен де түрлі бағытта жұмыстар жүргізіп, сауалнамалар алып отырады.

Жас ерекшеліктеріне байланысты жеке тұлғаны дамытуда оқу қызметіне қажетті ойын іс-әрекетіне, әр түрлі ойлау қабілеттеріне қажетті құралдар және материалдармен, жапсыру, сурет, құрастыру іс-әрекеттеріне қажетті құралдар, А4, А3 форматта көрнекіліктер, жабдықталған. Әр топта үстел үсті ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде.

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша жоспарланған жұмыстар**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударғаны бәрімізге белгілі. Мағжан Жұмабаев бұл туралы өз заманында "әрбір тәрбиешінің

ең алдымен қолданатыны-өз тәжірибесі, екінші қолданатын жолы-ұлт тәрбиесі болуы керек" деп айтып кеткен болатын. Сонымен қатар, жас өркендерді жерге шырылдап түскен кезден, есейіп, есі кіріп болғанға дейінгі аралықта ана тілінің уызына жарытып қана қоймай, олардың ұлттық рухпен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптан мейлінше сусындауына ерекше көңіл аударуымыз қажет. Оқудағы мақсат-жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру. Осыған орай, биылғы оқу жылында бағдаламаға сай атқарылатын жұмыс жоспарына сәйкес күнделікті, апта және ай сайын атқарылатын жоспарлы шаралар өз мәнінде балалардың жас ерекшелігіне сай өткізіліп, әлеуметтік желіге салынуда. Төрт топ та "Біртұтас тәрбие" бағдарламасының талаптарына сай безендіріліп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары үшін жасақталып, бекітілген жоспармен жұмыс жасауда.



Күнделікті күй күмбірі тыңдатылып, тақырыпқа сай дәйексөздер жатталуда. Ұлттық ойындарымыз бұрыннан да тәрбиенің көзі, ұлтымыздың қазынасы екені белгілі ғой. Сонымен қатар, қауіпсіздік ережелері мен жас эколог сағаттары, күзгі жиын-терім науқаны, еңбегі адал-жас өрен тақырыптары мән-мағынасы ашылып, дидактикалық сюжетті ойындар арқылы бала санасына сіңірілуде.



Бұған дейін де "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру мақсатында "Тіл-ұлттың айнасы", "Атам-әжем, ай-күнім", "Наурыз-жыл басы", "Ұлттық ойын бала қиялын шыңдаушы", "Әжемнің ертегісі", "Кітап-қазына", "Қауіпсіздік ережесін білейік!", "Біз-бақытты баламыз!" тақырыптық тәрбиелік сағаттары өткізілді.

Әр топта "Алтын сандық" кітап бұрышы жасақталған. "Зерек" ортаңғы топ тәрбиеленушілері "Аспан әлемінің қызықтары" тақырыбы аясында облыстық планетарийге саяхат жасады. "Жалын" тобы тәрбиеленушілері аудандық "Үздік біздің тобымыз" сайысына қатысып, жүлделі 3-орынды иеленді. "Тіл болашағы-балабақшада" аудандық сайысына 2023 жылдың желтоқсан айында "Болашақ" ересек топ тәрбиеленушілері қатысып алғыс хатпен марапатталды және дәл осы атаумен ауылдық балабақшалар арасында өткен сайысқа 2024 жылдың 31 мамырында өткен балабақшаның екі ортаңғы тобының тәрбиеленушілерінен құрылған "Ай-Жұлдыз" тобы тәрбиеленушілері қатысып, "Сүйкімді бүлдіршін" номинациясына ие болды.

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған түрлі шаралар баланың тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Олардың тақырыптары сан алуан. Аталған

мерекелерге сәйкес балабақшада ата-аналардың қатысуымен көрмелер ұйымдастырылады. Балалардың тілін, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған «Әжемнің ертегісі» атты әжелермен (ана) ертегі айту, қойылымын қою дәстүрі жолға қойылды. Балалардың тілін ұстартып, сөйлеу дағдысы мен шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында облыстық "Алақай" қуыршақ театрымен тығыз байланыс орнатылған. Былтыр аталмыш театр бүлдіршіндерге "Кірпітайдың тоны" ертегісін ұсынса, биыл, яғни 12 қараша күні "Алтын балапан" қойылымы ұсынылды. Ал, 05 қыркүйекте "Самұрық" шығармашылық театры балапандарға "Отпен ойнама" қойылымын ұсынды.

Нобель сыйлығының лауреаты, профессор Джеймс Джозеф Хекманның зерттеуі балалар өмірінің алғашқы бес жылында оқу және даму әлеуеті аса жоғары екенін және оларға салынған инвестицияны барынша ақтайтынын көрсетті. Балалардың ерте дамуына салынған инвестициялардың қайтарымы 13 %-ды құрайды. Баланың ерте дамуына жұмсалған ресурстардың оның болашақ мансабының табысты болуына әсері кәсіптік білім беруге жұмсалған ресурстардан 3 есе жоғары болады екен. Осы мақсатта ата-анамен байланыс орнату, олардың балалармен жұмыс жасау жоспарын құруға және іс-шараларға тікелей қатысуын ұйымдастыру ұжымымыздың басты мақсаты.

### **МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістік дамытушы орта құру**

Дұрыс ұйымдастырылған оқыту ортасы әрбір балаға өзіне жақын іс-әрекетті табуға, өз күш-жігері мен қабілетіне сенуге, педагогтермен және құрдастарымен өзара әрекеттестікке түсуге үйренуге мүмкіндік береді. Балалардың еркін әрекеті оларға педагогтен дайын білімді алуға емес, ізденісті жүзеге асыруға, зерттеуге қосылуға мүмкіндік береді. Ал, бұл өз кезегінде қызығушылық, бастамашылық, дербестік сияқты салаларды, шығармашылығын өз бетімен іске асыруға жағдай жасайды. Осы мақсатқа орай, заттық-кеңістіктік дамытушы орта жұмысы баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, мақсатқа сәйкес кеңістіктерді ұйымдастыруға баса мән беріліп жабдықталған. Ол жерде баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар талап пен талғамға сай құрылған. МДҰ ҮІӨ тек топ бөлмесінде ғана емес, сондай-ақ, жатын бөлмесінде, ойын алаңында, серуен кезінде, қабылдау бөлмелерінде т.б ыңғайлы жағдайларда өткізу ұсынылады. Қабылдау бөлмесінде балаларға арналған бос орындар қарастырылған, ал ата - аналарға арналған ақпарат бұрыштары, балаларының жасаған жұмыстарын көре алатындай "Біздің жұмыстар" атты бұрыштар бар. Балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпараттар берілген. Күнделікті ас мәзірі мен күн тәртібі ілінген. Балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында қуыршақтар, үстел үсті театрлар жинақталған. Сурет салу құралдары жеткілікті.

Балаға берілетін тәрбиенің нәтижесі - отбасы мен балабақша тығыз байланыста болса ғана мағыналы болатындығын айтып өттім. Осының нәтижесінде біз тек баланы ғана емес, ата-ананы да жұмыстандырып, бірге тәрбиелеуіміз қажет. Ол жұмыстар - баламен әңгімелесу, балаға таныс емес жерлерді аралату, тәрбиешімен бірге саяхатқа шығу, балалар әдебиеті шығармаларын оқуды әдетке айналдыру сияқты сан алуан жұмыстар бірге атқарылуда. Әр топта "Шаштараз», «Дәрігер» «Ас үй», «Дүкен» ойындары, «Қазақтың киіз үйі», «Табиғат», «Біз кезекшіміз» бұрыштары сюжеттік - рольдік ойындардың құрал жабдықтары жинақталған, бөлме өсімдіктері өсіріледі.

## Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша:

Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Дене тәрбиесінің негізгі міндеттері–баланың денсаулығын нығайту және қорғау, денені қатайту;

толыққанды физикалық дамуға қол жеткізу, балалардың дене белсенділігі үшін жұмыс жасау; жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдікті жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі түрлерін дамыту; денсаулығын нығайтуға ықпал ететін мәдени- гигиеналық дағдыларды қалыптастыру; дене шынықтыру мен дене белсенділігіне қатысуға, дербес қимыл әрекетін орындауға қызығушылығын арттыру, қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау;

-Осы міндеттер жүзеге асырылғанда балалар жүреді, жүгіреді, жүгіру кезінде бағытты өзгертеді. Заттардың бойымен тепе-теңдікті сақтап жүреді, астымен еңбектейді, Белгілі бір ретпен киініп, шешінеді, беті-қолын өз бетінше жуа алады, өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларына ие болады. Әр түрлі қимылдық ойындарды ойнайды, дәлдеуді үйренеді, жылдамдықты арттыруды түсіне бастайды, сайыстың шартын ұғынады. аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, жартылай отыры жүре алады, жүгіре алады. Тұрған орнында қос аяқпен, алға қарай жылжып, биіктіктен және ұзындыққа секіреді, оң және сол қолмен қашықтыққа, көлденең нысанаға, тік нысанаға заттарды лақтырады.



"Айгөлек" тобының тәрбиеленушілерімен физикалық қасиеттерді дамытуға бағытталған "Эстафеталық ойындар" ашық оқу қызметі өткізілді.

## Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша:

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде түрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың

жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде жүзеге асырылады. **Нәтижесінде**, балалар дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтады, сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырады, дұрыс сөйлеу қарқынына ие болады, естігенін, көргенін, қолдан жасағанын айта алады. Көрген суреттер бойынша өз ойын айтып, ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнайды, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің рөлін сомдайды.



#### **Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша:**

Балалардың танымдық қабілетін дамытудың негізгі мақсаты-математикалық конструктивтік ойлау дағдыларын, интеллектуалдық қабілетін, сонымен қатар, қоршаған әлеммен қарым-қатынас жасауына қарапайым дағдыларын меңгерту. Осы мақсатты орындау барысында балалар ұғымдарды ажыратады, жаңаны таныуға ұмтылып, зерттейді, салыстырады, кеңістік бағыттарын анықтайды, ірі, ұсақ материалдардан үлгі бойынша және ойдан құрастырады. Би қимылдарын біледі, төлдердің дауысын таниды. Бұл бағытта ересек топқа арналған "Қолөнершілер қаласы" тақырыбында вариативті бағдарлама жоспары құрылып, жүргізілді.



**Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша:** Шығармашылық іс-әрекетін дамыту дағдысы балалармен ойын түрінде күн сайын жүргізіледі. Ол сыни ойлауға мүмкіндік беріп, қиялын дамытады, қоршаған әлемді бейнелі қабылдауды, өзінің түйсігіне суретпен жеткізуге жетелеп, ойлау объектісі арқылы сөйлеуге қызықтырады. Осы мақсатта дәстүрден тыс технологиялар арқылы қызықты ойындар ойнатылады.





## Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру

Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастылыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Бұл жерде балалар қоршаған ортамен танысып, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы біледі, айналадағы жағдайларды бағамдайды, туған жері мен рәміздерін айта алады, жол ережелерін, мінез-құлық мәдениетін ұғынады. Маусымдық өзгерістерді ажырата алады. Балабақшамыздың ортаңғы топ тәрбиеленушілеріне арналған "Әлеумет" вариативті бағдарламасы жасалып, жоспарға сай балаларға алғашқы түсініктер берілді.

### **МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы:**

Қазіргі уақытта «Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымы барлығы 8 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және балабақша меңгерушісі тарапынан бекітілген. Балабақшада кадрлар тұрақты.

#### **Кадрлар әлеуетінің талдамасы төмендегідей:**

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша – 5 (75%) педагог жұмыс жасауда. Оның жоғары білімдісі – 1 педагог (33%), арнаулы орта білімдісі – 4 педагог (42%).

#### **Сапалық құрамы бойынша:**

Модератор-5 (62,5%)      зерттеуші-1(12,5%)      сарапшы -1(12,5%)      Санаты жоқ: - 1 (12,5%)

#### **Біліктілік курсынан өткен педагогтар:**

Педагогикалық шеберлік орталығы – 4 педагог

#### **Медицина қызметкерлері бойынша**

Барлығы – 1; Білімі жоғары – 0      Арнаулы орта – 1

#### **Оның ішінде санаты бойынша**

Жоғары санатты – 0      Санаты жоқ – 1

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі педагогтардың біліктілік санатын көтеруге көп көңіл бөліп келеді. Алайда, ұжымдағы қызметкерлердің дені жас мамандар болғандықтан әдістемелік көмек беріліп, біліктілігін арттыру курсынан қалдырмай, тәжірибе бөлісетін семинарларға үзбей қатыстырып отырамыз. Бұл жұмыстардың мақсаты-кадрлардың санатын көтере отырып, тәжірибелі мамандар қатарына қосу.

Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы арттырады – бұл әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара байланыс жасау, жаңашыл әдістемелік әдебиеттерді оқу, қалалық және облыстық семинарларға қатысып өз іс-тәжірибесімен бөлісу, әлеуметтік желілерде ашық ҰОҚ-ін жариялау.

«Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымы іс-жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс-қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы бұйрықтары, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері қатталып, тігілген. Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай. Балабақшада кадрлардың еңбегін бағалау жұмыстары жақсы атқарылған. Педагог қызметкерлер балабақша ішілік марапаттаулармен қатар аудандық, облыстық, республикалық марапаттарға ие.

Әр оқу жылында балабақша педагогтары түрлі тақырыптағы облыстық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, жұмыстарын жариялауда. Қызмет бабында

педагогтардың тәртіптік жазалануы тіркелмеген. Ұжым арасында салауатты моральдық-психологиялық ахуал қалыптасқан.

**жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау:**

2023-2024 оқу жылдарында «Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.

**баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы**

(мектепалдыжасындағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) олар болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілер жоспарларының (карталарының) болуы:

Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау мониторингі Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда педагог жұмысының сапасын жетілдіруге ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі баланың даму мониторингі оның әртүрлі кезеңдегі даму динамикасын тіркеуге, жеке дамуына сауатты педагогикалық қолдау көрсетуге және онымен әрі қарай жұмысты түзетуге ықпал етеді.

Талаптарға сәйкес мониторинг:

- баланың жетістігін шынайы қадағалауға;
- мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге;
- педагогтардың түзету шараларын шұғыл жоспарлау негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру процесін жетілдіруге;
- баланың әрбір білім беру салалары және Үлгілік бағдарлама мазмұнын тұтас меңгеру деңгейін анықтауға ықпал етеді.

Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасы баланың мектепке дейінгі ұйымда барлық уақытына жүргізіліп отырады. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандар толтырып отырады. Баланың жеке даму картасының «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін тәрбиешілер баламен жеке түзету жұмысын жүргізіп, ол үшін педагогикалық процестің міндеттері мен мазмұнын айқындайды. Соңғы үш жылдың оқу жылдарында баланы қолдау, оның білім траекториясын құру немесе оның даму ерекшелігін кәсіби түзету үшін білім беруді даралау, жеке тұлғалық бағыт қағидасын іске асыру, балалар тобымен жұмысты белсендендіру жұмыстары орын алып отырды.

**Физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру білім беру дағдыларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру (бағаланатын кезеңге перспективалық жоспар көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);**

Балалардың дамуын жетілдіру жолында педагогтар зияткерлік, спорттық, шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатыстырып өнерлерін шыңдауға жұмыстар жүргізеді. Балабақша тәрбиеленушілері республикалық, облыстық, аудандық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді. Төмендегі кестеде 2023-2024 жылдағы жұмыстар көрсетілді.

Байқау түрі // топ аты	Жұлдыз тобы	Айгөлек тобы
Республикалық	16	42
аудандық	-	4

### Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы мониторинг) болуы:

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісі әр жылға бар, жинақталған. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Диагностиканы жүргізгенде сауалнама тапсырмалары, дидактикалық, сюжетті – рөлдік ойындар, ойын жағдайлар қолданылып, міндетті түрде көрнекі материалдар таратылады. Әдіскер Салтанат Орысбайқызы біліктілікті игеру мониторингін құрастырады, олар әдістемелік кеңесте талдайды, құзыреттілік дамудың даму динамикасы, төмендеу себебі, жекелеген коррекция бойынша ұсыныстар анықталды. Диагностиканың қорытындыларымен ата-аналар, педагогтар таныстырылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына жүргізілген 2023-2024 оқу жылының бастапқы мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады.

### Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар: МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы:

№ р/с	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары		
		Кіші «Жұлдыз» тобы (2 жастағы балалар)	Ортаңғы «Агөлек» және топтары (3 жастағы балалар)	«Айгөлек» ересек тобы (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет	Аптасына үш рет	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру **	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын
	Көркемдебиет	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын
	Қарым – қатынас іс- әрекеті			
	Қазақ тілі	-	Аптасына бір рет	Аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	-	Күн сайын	Күн сайын
	Сауат ашу негіздері	-	-	
	Қарым – қатынас іс- әрекеті, танымдық іс - әрекет			
3	Сенсорика	Күн сайын	-	-
4	Математика негіздері	-	Күн сайын	Күн сайын
5	Танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекет			
	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын
	Қарым – қатынас іс- әрекеті, танымдық іс- әрекет, зерттеу іс - әрекет, еңбек іс - әрекеті			
6	Сурет салу	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын
	Мүсіндеу	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын
	Жапсыру	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын
	Құрастыру	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын
7	Шығармашылық іс- әрекет, бейнелеу іс- әрекет			
	Музыка	Аптасына бір рет	Аптасына бір рет	Аптасына екі рет
	Музыка ****	Күн сайын	Күн сайын	Күн сайын
8	Барлығы			

### **Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

1) МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру:

Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының 2 жастан 4 жасқа дейінгі балалардың жас ерекшеліктері бойынша стандартқа сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет жүргізіледі.

2) жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау (осы Өлшемшарттардың 8 - қосымшасына сәйкес толтырылған кесте, мониторингісінің (қорытынды)):

### **Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:**

1) жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы Өлшем шарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдері);

2023-2024 оқу жылындағы балалар 9-қосымшаға сәйкес жас топтарымен отырғызып, бекітілді. Ұлттық білім беру деректер қорына енгізілген мәліметтер бойынша контингент - 46 бала.

Балабақшада балаларды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығы мектепке дейінгі мекемелерде құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін стандарт талаптарға сәйкес жүргізіледі. Балабақшада балаларды қабылдау екі түрлі интернет- ресурстары арқылы жүзеге асырылады.

Балабақшаға - 5 жасқа дейінгі аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 3 мезгіл тамақтандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті **e.aktobe.kz** сайты арқылы жолдама береді, **es.iac.kz** сайты арқылы өтініштер тіркеліп, қабылданады.

Балалар қозғалысы журналы, келсім-шарт тіркеу журналы талапқа сай. Жасына қарай қағидаты бойынша топтарға бөлінеді. Балабақша және ата-ананың барлық қарым- қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі.

Құжаттар іс-қағаздар номенклатурасына сәйкес жүргізіледі. Балабақшасының интернет-ресурстарында (инстаграм мен веб портал) ата-аналарға жолдама алу тәртібі көрсетілген нұсқаулықтар орналастырылған.

Ата-аналарға арналған кеңес беру бұрышы ұйымдастырылып, жауапты маман бекітілген.

### **Алдағы оқу жылына ұсыныстар:**

1. Педагогикалық құрамның сапасы, яғни өз білімін (тәрбиелеу-білім беру процесін реттейтін негізгі НҚА білуі) үзбей көтеріп отыруы, біліктілік санатын көтеруі, әлеуметтік желілер мен БАҚ беттерінде өз тәжірибелерін бөлісуі, әр түрлі масштабтағы семинарларға қатысуы нәтижесінде кәсіби шеберлігін арттыру жұмысы жандандырылсын.

2. Тәрбиеленушілердің білім, білік, дағдыларының көрсеткіштерін арттыру үшін әдістемелік кабинеттің жұмыс жоспары жан-жақты жасалып, орындалуы бақылансын.

3.Заттық-кеңістіктік орта оңтайлы жағдаймен талапқа сай жасалсын, қолжетімділік принципі сақталсын, көп атқарымды материалдармен толықтырылсын.

4.Балалардың қажеттілігі мен қызығушылығы ескеріле отырып, ұйымдастырылған іс-әрекеттер жеке және кіріктірілген түрде жоспарлансын.





5. Мектепке дейінгі ұйымда баланың қауіпсіздігі мен өмірін сақтау басты мақсат болып табылып, қауіпсіз білім беру ортасы қалыптастырылсын.
6. МДҰ тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту жұмыстары түрлендіріліп отырып, жалғастырылсын.
7. МДҰ материалдық - техникалық базасы, оқу-әдістемелік кешені, электрондық кітаптар, балалардың ойын ұштап, қызықтыратын дидактикалық және денсаулық бұрышы құралдары толықтырылып, ұдайы жаңартылып отырылсын.
8. МДҰ шығармашылық тобы құрылып, жоспарлы түрде жұмысы ұйымдастырылсын. Жас мамандармен тәжірибе алаңы өткізіліп отырылсын.

Қорытынды:

1. Мекеменің 2024 жылдың 07 маусымындағы №18 бұйрығы негізінде ұйымдастырылған өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы "қанағаттанарлық" деңгейде деп есептелсін.
2. 2024 жылдың 26 маусымындағы комиссия отырысының шешіміне сай "«Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымы мәртебесіне сай деп бағалансын.

Комиссия төрағасы, «Ақбөбек» МДҰ меңгерушісі:  Нуржанова Адилет Еламанқызы

Комиссия мүшелері:

«Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымының әдіскері		А.К. Жусипова
«Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымының тәрбиешісі:		А.Н. Кулдыкова
«Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымының тәрбиешісі:		Б.А. Кунтуганова
«Ақбөбек» МДҰ денешынықтыру нұсқаушысы:		Ж.Өмірханұлы

Хатшысы:



Карабалина Қ.Ж